

Кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрінің 2005 жылғы 15 маусымдағы N 208-"а" Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 13 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 3728. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 6 тамыздағы № 496 бұйрығымен

Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011.08.06 № 496 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 24) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Су көлігі департаменті (Б.Қ.Уандықов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация вице-министрі Т.Б.Әбілғазинге жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жарияланған сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж ә н е к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і н і ң
2 0 0 5 ж ы л ғ ы 1 5 м а у с ы м д а ғ ы
N 2 0 8 - А б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау ережесін бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыру, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген.

2. Ереже кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуі, арқандап байлануы және тоқтап тұруы арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды орналастыруға, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтауға қойылатын талаптарды айқындайды.

3. Ереже Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында қызмет ететін барлық жеке және заңды тұлғаларға қолданылады.

4. Ереже Қазақстан Республикасы Әскери-теңіз күштерінің және Қазақстан Республикасының Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің туын көтеріп жүзуші кемелерге қолданылмайды.

5. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылды:

1) уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстар (бұдан әрі - құрылыстар) - кемелердің қауіпсіз тоқтап тұруына, жүгін өндеуге және кемелерге қызмет көрсетуге арналған (дебаркадерлер, айлақтық понтондар, жүзбелі қонақ үйлер, жатақханалар, демалыс үйлері, мейрамханалар, жүзбелі шеберханалар, сорғы станциялары) порттың немесе айлақтың құрамындағы инженерлік гидротехникалық құрылыстар;

2) арқандап байлау - кеменің айлаққа, пирсқа немесе басқа кемеге жақындап келуі және кемені осыларға бекіту жөніндегі іс-қимылдар.

2. Кемелердің, салдардың және өзге де жүзу объектілерінің айлаққа келуіне, арқандап байлануына және тоқтап тұруына арналған уақытша құрылғылар мен жүзбелі құрылыстарды

орналастыруға, жолаушыларды кемелерге отырғызу және кемелерден түсіру, жүктерді тиеу, түсіру және сақтауға қойылатын талаптар

6. Тасымалдаудың транзиттік, аралық және соңғы пункттерінде кемелерге, салдарға және жолаушыларға қызмет көрсетуді, жүк пен багажды түсіруді ұйымдастыру үшін құрылыстар қолданылады.

7. Құрылыстар металл, темір бетонды, композитті болуы мүмкін.

8. Жолаушыларға қызмет көрсету үшін құрылыстар мыналармен:

- 1) құтқару, сигнал беру және өртке қарсы құралдармен;
- 2) кеменің алдыңғы және артқы жағынан арқанмен байлау құрылғыларымен және жағалау жағынан тіреуіш құрылғылармен;
- 3) кеменің алдыңғы және артқы жағынан тіркеп сүйреу кнехтарымен;
- 4) ені құрылғыдан кемеге дейін кемінде 1 метр және ені құрылғыдан жағаға дейін 2 метр орташа шыбықпен, биіктігі 110 см тұтқалармен қоршалған берік және қауіпсіз басқыштармен;

5) мүгедектік арбашалардағы мүгедектерді отырғызу және түсіру құрылғыларымен;

6) қажетті құрылғылары мен мүкәммалы бар жүк тиеу жұмыстары үшін жабдықтарымен және құрылғылармен;

7) дауыс зорайтқыш байланыспен, телефондармен;

8) сигнал оттарын көтеру және түсіру, атқару үшін құрылғылармен, антеннамен және "жай тартқышпен" жабдыкталған кеме мачтасымен;

9) теплоходтың отырғызу алаңы деңгейіндегі құрылыстың корпусындағы құрылғысы, теплоходтың негізгі палубасы деңгейіндегі отырғызу эстакадасы бар отырғызу алаңдарымен жабдыкталуы тиіс. Кез келген жағдайда траптың көкжиекке көлбеу бұрышы 30 градустан аспауы тиіс;

10) тұрыстағы кемелердің электр құралдарын және жағалаудан электрмен жабдықтауды қосуға арналған құрылғылармен;

11) жерге тұйықтағыш сенімді құрылғымен жабдыкталуы тиіс.

9. Құрылыстарға кірме жолдар жиегі бар қатты жамылғымен, қарсы келе жатқан автокөліктің жүріп-тұруы үшін жүру бөлігінің жеткілікті енімен, автокөлік тұратын орынмен, периметрі бойынша жарықталумен, қоқыс жинау орнымен, ал ірі жолаушылар портында қосымша су құбырымен және кәріздермен жабдыкталуға тиіс.

10. Аралық аялдау пункттерінде айлақтық жақтау понтондар орнатылуы мүмкін.

Жақтау понтондары жолаушыларды отырғызу және түсіру кезінде кемелердің қауіпсіз арқандап байлануы үшін неғұрлым қолайлы терең орындарға орнатылуы

, арқандап байлау тростарымен сенімді бекітілуі және су өткізбейтіндей болуы тиіс.

11. Жүк-жолаушы құрылыстары құрылғылар мен мүкәммалдың қажетті жинақтамасы бар тиеу жұмыстары үшін құрылғылармен, жүк пен бағажды уақытша сақтау үшін қойма алаңдарымен, жүктер үшін жабық үй-жайлармен жабдықталуы тиіс.

12. Тиеу-түсіру жұмыстары пунктерінде кеме мен жағалау арасында жүзбе понтондар қолданылуы тиіс. Бұл жағдайда тиеу механикаландырылуы жағалауда немесе тікелей кемеде орналасады.

13. Мұнай құйылған жүктерді тиеу-түсіру жұмыстары үшін сорғылар орнатылған құрылыстар елді мекендерден төмен, тұрғын және өндірістік ғимараттарынан, тиеудің жалпы орындарынан және кемелер тұрағынан кемінде 250 метр қашықтықта орналасуы тиіс.